



Аудан айнасына 60 жыл

№40 (6578), 22 мамыр 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС

ПРОКУРОР АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Елімізде заң мен тәртіп қағидаты орнығып жатыр. Бұл қауіпсіздікті күшейтуге және халықтың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Соған сәйкес ел азаматтары да заңға атуісті қарамай, заңды құқықтарын біліп, билікке базынасын білдіріп келеді. Әсіресе, азаматтар өздерін толғандыратын әлеуметтік мәселелерді заң шеңберінде шешіп алуға ынталы. Бұл ретте, құқық қорғау органдары мен атқарушы билік халықты алаңдататын мәселелерді бірлесе шешуге мүдделі.

→ 2



ҚҰРМЕТ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында сала қызметкерлеріне ерен еңбегі үшін алғыс айтылып, сый-құрмет көрсетілді. Аудандық тарихи-өлкетану музейінде аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы мәдениет қызметкерлері мен өнерлі өрендерді қабылдап, айтулы мерекемен құттықтап, салмақты сөз сабақтады.

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

– Мәдениет – ұлттың рухани тірегі, елдің болмысын айқындайтын асыл қазына. Ауданымызда мәдениет саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген кітапханашылар, клуб қызметкерлері, музей мамандары, өнер ұжымдарының жетекшілері мен шығармашылық иелерінің еңбегі ерен. Жергілікті халықтың өнері мен мәдениетін дамыту жолында қызмет етіп жүрген сіздердің еңбектеріңіз қашанда зор құрметке лайық.

→ 2

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ БАЯНДЫ БОЛУЫ ҚОҒАМДАҒЫ ӘДІЛДІК ПЕН СЕНІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына тұсау болатын, елдің ертеңіне көлеңке түсіретін қауіпті құбылыс. Ол қоғамның барлық саласына дендеп еніп, әділеттілік пен заң үстемдігіне селкеу түсіреді. Сондықтан жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша халықтың ортақ міндеті.

Ерлан ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ,
Жамбыл ауданының әкімі.

салтанат құрмаған жерде даму да, өркендеу де болмайды. Ел болашағының баянды болуы қоғамдағы әділдік пен сенімге тікелей байланысты. Ал сенімнің әлсіреуіне әкелетін ең үлкен кеселдің бірі – жемқорлық.

Тәуелсіз еліміз құқықтық мемлекет құру жолында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті басты бағыттардың бірі ретінде айқындап келеді. Өйткені адалдық

→ 7

ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ

Өңірімізде ғұмыры ғибратқа, тағылым мен өнегеге толы абзал жандар аз емес. Өз уақытында Қапаш Тасболатұлының дана кеудесінен төгілген парасатты ойлар мен өмірлік ұстанымдардан оның тұтас тұлғасы, адамгершілігі, біліктілігі, биязы мінез-құлқы, шынайылығы мен мол тәжірибесі анық аңғарылатын. Әлеумет алдында айтылған терең мазмұнды, талғампаздықпен, мақсаткерлікпен әрі шебер кестеленген айбарлы сөздері арқылы көпшіліктің құрметіне бөленген ғалым, педагогика саласының көрнекті өкілі, профессор, КСРО Оқу-ағарту ісінің үздігі, Ленин орденінің және бірнеше медальдің иегері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Қапаш Тасболатұлының 100 жылдығына арналған «Ұстаз. Ғалым. Тұлға» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназияда өткен тағылымды іс-шараға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев, аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаев, М.Х.Дулати

атындағы Тараз университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Зибә Құламанова, ауданның зиялы қауым өкілдері, ардагер ұстаздар, ғалымның шәкірттері мен қоғам белсенділері қатысты. Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның мерейтойына арналған бұл конференция тағылымға толы, мазмұны терең басқосу болды.

→ 3



Ақиқат сөздің жақтаушысы

Қазақ мемлекеттік университетін «Филолог. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолымның туған ауданымының «Шұғыла» газетінен басталғанын әлі күнге дейін мақтан етемін және сол жылдарды тебірене еске аламын. Алғаш көрген редакторым Тоқсанбай Жабайылдаев, содан кейін Шәймерден Дәуренов, редакция мен баспахана қызметкерлері – бәрі-бәрі көз алдымда.



Масат БЕРІК,
«Шұғыла» газетінің 1977-1979 жылдардағы тілшісі.

→ 4

ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

Ауылдағы ағайынды не толғандырады? Қандай мәселелер алаңдатады? Осы сауалдарды қаперге алған аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Жамбыл және Айшабибі ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Былтырғы жылы атқарылған және ағымдағы жылға жоспарланған жұмыстар туралы айтты. Жергілікті халықтың үніне құлақ асып, өтініш-тілектерін назарға алды. Өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін жете түсіндірді.



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛЕДІ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

Ш.Ниязбеков ауылындағы Ә.Ысмайылұлы атындағы орта мектептің акт залында өткен кездесуде әуелі Жамбыл ауылдық округінің әкімі Данияр Аляжанов баяндама жасады. Ол ұзатылған жылы тиянағын тапқан тірліктерді тілге тиек етіп, биылғы жылы жасалатын жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, былтырғы жылдың қараша айында Ш.Ниязбеков ауылында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 200 орындық балабақша ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш, «Ту тұғыры» аллеясы ағымды жөндеуден өтті. Орталық стадион аумағына су тартылды. М.Сыздықұлы көшесі мен орталық стадион аумағындағы балалар ойын алаңдары күл-коқыстан тазартылып, абаттандырылды. Демеушілердің қолдауымен алаңдарға жарық бағаналары қойылды. Учаскелік полиция пунктін пандус, терезелеріне тор, Ж.Жантөліұлы көшесінің бас жағындағы көпірге қоршау орнатылды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында мәдениет үйі салынады. Үстіміздегі жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, Б.Досымбекұлы көшесі күрделі жөндеуден өтуде.

Сонымен қатар Ш.Ниязбеков ауылында ветеринариялық пункт салынып жатыр. Ветеринариялық қызмет көрсету кешеніне ветеринариялық пункт, жануарларды емдеу және мал тоғыту алаңы кіреді. Аталған нысандар ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық қызмет көрсету, аурулардың алдын алу, емдеу және санитариялық өңдеу жұмыстарын жүргізуге арналған.

Биыл Ш.Ниязбеков ауылындағы орталық көшеге аялдамалар орнату, тау беткейіне аллея салу, тау беткейіндегі кіреберіс жолға қоршау орнату, Б.Досымбекұлы көшесіне жаңа жүргіншілер жолын салу жоспарланған.

Өз кезегінде ауыл тұрғындары елді мекенде бой көтеріп жатқан жаңа нысандарға жол салу керектігін, қоқыс тастайтын орын қажет екенін сөз етіп, Жаңа құрылыс көшесіне ауызу мен газ қашан берілетінін сұрап-білді.

ЕСКІ КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛЕ МЕ?

Айшабибі ауылдық мәдениет үйінде өткен кездесуде алдымен ауылдық округ әкімі Дәрмен Дәулетовтың есепті баяндамасы тыңдалды. Ауылдағы ағайын Айшабибі ауылындағы Т.Рысқұлов көшесіне тротуар орнатылғанын, Айшабибі-Қаратау бағытындағы аудандық маңызы бар жолға, Әулікөл ауылындағы Кербұлақ және Үштөбе көшелеріне орта жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын, Жібек жолынан Аса көпіріне дейінгі жол бойы,

Т.Рысқұлов, Т.Аубакиров көшелерінің 1, 2-бұрылысы жарықтандырылғанын, Күйік асуында қалған жолаушыларға жағдай жасау үшін автотұрақ соғылғанын, автотұраққа жарық жүргізілгенін, ауызу тартылғанын, әжетхана орнатылғанын, Ақкөл көшесінде 8 үйдің (16 пәтер), Қазыбек би көшесінде 5 үйдің (10 пәтер) құрылысы аяқталғанын, тұрғын үйлер аудан әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің теңгеріміне өткізілгенін, Айшабибі спорт кешені жанына футбол алаңы орнатылғанын, кіші футбол алаңына жасанды төсем төселгенін, Әулікөл ауылында кіші футбол алаңы салынғанын, Қаратау ауылындағы кіші футбол алаңы жанынан балалар ойын алаңы пайдалануға берілгенін естіді.

Тиянағын тапқан тірліктерге көңілі толған ауыл азаматтары аудан және ауылдық округ әкімдерінің жұмысын оң бағалау, Айшабибі ауылындағы кенес заманынан бері жөндеу көрмеген Аманжолов, Әубәкіров көшелеріне жол жабындысы төселсе, Әулікөл ауылындағы түйткілді ұялы байланыс мәселесі оң шешімін тапса деген өтініш-тілектерін тілге тиек етті.

Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер бойынша ұнатқан аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы ескі екі көшені келер жылы жөндеуге қоюға күш жұмсайтынын, ұялы байланыс мәселесі де алдағы уақытта шешімін табатынын айтты.

Соңы. Басы 1-бетте

ПРОКУРОР АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудандық «Жастарресурстық орталығында» облыстық «Қоғаммен байланыс» жобасы аясында өткен азаматтарды қабылдау акциясы осы мақсатта ұйымдастырылды. Аудан прокуроры Берік Қыдырәлі аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлымен бірге жергілікті тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдап, көкейтестісін біліп, мәселесіне

мән берді. Көші-қонға, жер, газ мәселелеріне қатысты сауалдарға заң шеңберінде тұщымды жауап қайтарды. Азаматтардың алға тартқан мәселелері ескерусіз қалмайтынын, жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берілетінін айтты. Прокурордың сөзін жұптаған өңір басшысы тұрғындардың мәселелері бойынша жауаптыларға хаттамалық

тапсырмалар жүктелетінін, орындалуы бақылауда болатынын жеткізді.

Айтулы акцияға аудан әкімдігінің бөлім басшылары мен мамандары, денсаулық сақтау, білім, энергетика, экология салаларының, құқық қорғау органдарының өкілдері қатысып, азаматтарға тілге тиек еткен мәселелері бойынша түсініктеме берді.

Соңы. Басы 1-бетте

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Сіздер өңір мәдениетін дамыту мен жетістіктерін еселеу жолында ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келесіздер. Жасампаздық идеяларын кеңінен дәріптеп жүрсіздер. Халқымыздың шынайы құндылықтары мен қасиетті мұраларын сақтау арқылы руханияты мықты елге айналуымызға үлес қосқандарыңыз үшін алғысым шексіз.

Сіздер ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақтың бойына өнер мен руханиятқа деген сүйіспеншілікті сіңіріп жүрсіздер. Сіздер барда ұлтымыздың мәдениеті мәйегі үзілмейді. Баршаңызға зор денсаулық, көп игілік, толағай табыс тілеймін. Мереке құтты болсын! – деді өңір басшысы.

ҚР Ұлттық кітапханасының «Кітапхана ісінің ардагері» төсбелгісін табыстады. Мәдениет қайраткері Алтынбек Бекмұратов, Тастөбе ауылдық кітапханасының меңгерушісі Гаухар Бүйембаева, Шайдана ауылдық клубының меңгерушісі Әсем Есбергенова, аудандық орталық кітапхананың әдіскері Аягөз Әділова, Өрнек ауылдық мәдениет үйінің үйірме жетекшісі Замира Жалпанова, аудандық орталық кітапхананың библиографы Аягерке Мамашариева, Айшабибі ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі Мадина Ешенқұл, Шоқай ауылдық клубының үйірме жетекшісі Спандияр Мұрат, Тоғызтарау ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Жексенбек Серғараев, Айшабибі



Жылы лебіздер легін жалғаған аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев: «Өңір руханиятын дамытуға және мәдени дәстүрлердің дамуы мен сақталуына мәдениет саласы қызметкерлерінің қосатын үлесі орасан зор. Түрлі аудиторияларда, кітапханалар мен музейлерде, мәдениет үйлерінде өтетін сан түрлі мазмұндағы, алуан сипаткерлікті мәдени іс-шараларды, концерттер мен қойылымдарды, шығармашылық кештерді белгіленген уақытында, асқан жауапкершілікпен, көпшіліктің көңілінен шығатындай атқарып шығу – мәдениет саласы қызметкерлерінің әдепкі жұмысы, сан-салалы қызметінің бір сәті ғана. Айтуға оңай. Оның артында басшылықтың ұйымдастырушылық қызметінен, қызметкердің орындаушылық жауапкершілігіне дейінгі қаншама күш-жігер, төгілер тер жатыр. Сіздердің аркалап жүрген жұқтқ салмағы да ауыр, жауапкершілігі де мол. Ауданның мәдени, рухани өмірін гүлдендіріп, өнерін асқақтату жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын. Мәдениет пен өнер тынысы кеңейе берсін», – деп ізгі тілегін арнады.

Келесі кезекте аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы ардагер кітапханашы Жанат Садуалиеваға

ауылдық мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы Мұратбек Зиябеков, Шайдана ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Бақыт Саршаев, аудандық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері Айданай Исмаиловаға Құрмет грамотасын табыс етті.

Мәдениет ошақтарындағы түрлі үйірмелерге белсенді қатысып, ауданымыздың мәдени өміріне үлес қосып жүрген дарынды әрі өнерлі өрендер де өңір басшысының қолынан марапат алды. Халықаралық және республикалық өнер байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері Жанерке Қамбар, Назерке Пірәлі, Гүлнар Қожахметова, Рыскелді Сұлтан, Мирас Жамалбек, Шаттық Бисембай, Расылхан Елдар, Расул Мұсаев, Балауса Жанабек, Төлеген Дархан, Әбу Нұрислам, Айбике Бекдос, Амина Таубек, Аяжан Нұркен, Адина Әділбек, Елнұр Ескендірұлы, Іңкәрбек Нұршапағат аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Бұл өнерге деген құрметтің, шығармашылыққа деген қолдаудың айқын көрінісі болса керек.

Мерекелік қабылдау аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен аяқталды.

Соңы. Басы 1-бетте

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР ИЕСІ

Әуелі көпшілік Қапаш Тасболатұлының өмірінен сыр шертетін арнайы көрмені тамашалады. Көрмеге ғалымның архивтік суреттері, әр жылдары алған марапаттары, шәкірттерімен және әріптестерімен түскен естелік фотолары қойылып, қатысушыларға ерекше әсер сыйлады. Онда ғалымның ұстаздық жолы, ғылымдағы ізденістері мен ел игілігі жолындағы еңбектері кеңінен насихатталды. Сонымен қатар ғалымның аты берілген арнайы кабинет ашылып, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Әлішұлы мен ардагер ұстаз Райкүл Омарова салтанатты түрде кермесін қиды. Кабинеттің ашылу рәсіміне жиналған көпшілік ғалымның өмір жолы мен ұстаздық мұрасына тағзым етіп,



тағылымнан тамыр тартады. Жас ұрпақтың бойында намыс пен талап болсын деген текті тілегі Қапаш ағайды білетін адамдардың жүрегінде әлі күнге дейін жаңғырып тұр.

Осы залда отырғандардың дәл қазір ұстазға деген аяулы сезімде отырғанын жақсы білемін. Ендігі мақсат – жерлес ғалымның есімін мәңгі есте қалдыру. Сондай-ақ оның жазған еңбектерін, адамшылық асыл қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінгі өткізіліп отырған ғылыми конференцияны ғалым алдындағы перзенттік парызымызды өтеудің бір парасы деп қабылдаған жөн.

Исмаил Хаджимуратты төрге оздырды. Қонақтар Қапаш Тасболатұлы туралы арнайы дайындалған бейнефильмді тамашалап, ғалымның өмір жолын тағы бір мәрте жүректен өткізді.

Тағылым алар конференцияда өмір бойы адамдық және азаматтық тұғырдан түспеген ұлт жанашыры Қапаш Тасболатұлының қазақ қоғамындағы рухани тұлғалық бейнесін тереңінен тарқатқан Зиба Абдуллақызы мазмұнды баяндама жасады. Ол өз сөзінде ғалымның ғылым мен білім саласына ғана емес, ұлттық руханиятқа да сүбелі үлес

қасиетін жоғалтпаған, шәкірт тәрбиесін бәрінен биік қойған тұлға болған.

Ұлдың ғана емес, ұлттың тәрбиешісіне айналған, жалпы ғылымға, оның ішінде тіл ғылымына, филология саласына өмір бойы адал қызмет еткен Қапаш Тасболатұлы жайлы шәкірті, жасы сексенге келген Амангелді Қоңырбаев пен Исмаил Хаджимурат та тебірене сөз сөйледі. Олар ғалымның қиын кезеңдерде ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерге бейжай қарамай, қоғам қажеттілігіне қарай өз бастамасымен интернат ашып, оны өзі басқарғанын ерекше тебіреніспен жеткізді. Қапаш ағайдың мыңдаған ауыл баласының талабына қанат байлап, әрбір шәкіртің өз баласындай мәпелегенін айтып, оның ұстаздық ұлылығын ерекше ілтипатпен еске алды.

Келесі кезекте аталмыш мектептің 11-сынып оқушысы Разбай Инсан ұстаз рухына арнаған өлеңін нақышына келтіре оқып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар жас мамандар ғылыммен бірге өлең де жазып, өсиет сөздерін қойын дәптеріне түсіріп жүрген ғалымның философиялық еңбектері жайлы сыр шертіп, оның шығармашылық қырын кеңінен таныстырды.

Тағылымды конференция барысында қатысушылар Қапаш Тасболатұлының «Жастар ұлттық рухты жоғалтпасын» деген текті тілекпен ғұмыр кешкеніне тағы бір көз жеткізді. Арзаннан

оның өнегелі ғұмыры жайлы жылы лебіздерін білдірді.

Конференцияда аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы сөз сөйлеп, Қапаш Тасболатұлының ел өміріндегі орны ерекше екенін атап өтті.

– Бүгін ауданымызда елеулі оқиғаның куәсі болып отырмыз. Баршамыздың ұстазымызға айналған, Ленин орденді профессор Қапаш Тасболатұлының 100 жылдығына арналған мәртебелі жиында жүздесіп отырғанға ма қуаныштымын. Әлбетте, ерлікке бейбіт күнде де орын бар. Сонау сұрапыл соғыс жылдарынан бастап мұғалімдік ауыр міндетті мойнына алудың өзі үлкен ерлік еді. Үлкендерден естігенім бар, өзімнің көргенім бар, қиын-қыстау уақытта ел еңсесін көтеруге атсалысқанын

мен де біркөсідей білемін.

Елуінші, алпысыншы жылдары осы төңіректе қазіргі Құмтиын ауылында ғана орта мектеп болғанын, онда Қапаш аға Тасболатұлының алғашында мұғалім, кейін директорлық қызмет атқарғанын алдыңғы буын өкілдері осы күнге дейін айтып отырады. Содан көп өтпей мектеп-интернат ашып, сол білім ордасын басқарды. Одан кейін Жамбыл педагогикалық институтына ауысып, ғылым жолына түскенін де жақсы білеміз.

Барша жамбылдық, оның ішінде өзім де бармын, Қапаш ағайды ерекше болмысымен биікке шыққан ақыл мен парасат иесі деп таниды. Ол бар саналы ғұмырын ғылым мен білімге адалынан арнады. Ғалымның өмір жолы ізгілік пен



Конференция жұмысына сәттілік тілеймін! – деді аудан басшысы.

Конференция барысында модератор, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сансызбай Махамбетқұлов сөз алып, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Зиба Құламанованы, ардагер ұстаздар, Жамбыл ауданының Құрметті азаматтары Райкүл Омарова мен Амангелді Қоңырбаевты, Қазақстан Республикасының «Қоғам қайраткері» төсбелгісінің иегері

қосқанын атап өтті. Сонымен қатар мектеп-гимназияның кітапхана қорына 25 кітапты тарту етіп, жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығын арттыруға өз үлесін қосты.

Конференция барысында осы қасиетті мекеннің қадірлі қариясы болған ғалым жайлы ардагер ұстаз Райкүл Қалмағанбетқызы «Мейірімді жүрек – адамгершілік мекені» тақырыбында ой қозғап, ұстаздық жолдың қадір-қасиетін ұғындырды. Оның айтуынша, Қапаш Тасболатұлы қандай ортада жүрсе де, адамгершілік

бедел іздемеген ғалымның дара болмысы мен тағылымды өмір жолы конференцияға арнайы келген қонақтардың жылы лебіздерінен анық байқалып тұрды.

Болмысы бөлек тұлғаны сүйсіне еске алған жақындары, шәкірттері мен қоғам белсенділері тағылымға толы жиыннан ерекше әсер алып тарқасты. Ғалым рухына тағзым еткен көпшілік естелік суретке түсіп, ғалымның өнегелі өмірі мен өлшеусіз еңбегі ел жадында мәңгі сақталатынын тағы бір мәрте айшықтады.



Соңы. Басы 1-бетте

Ақиқат сөздің жақтаушысы

Қаншама оқығаным-тоқығаным болса да, газет шығару кез келгеннің қолынан келе бермейтін ауыр еңбек екенін алғашқы күндерде-ақ сезіндім. Таңмен таласа тұрып, түн ортасы ауғанша халықтың сөзін сүзгіден өткізетін журналистерді аяп кетесін. Бір мақаланың артында тұтас ауылдың, бір өңірдің тағдыры тұрғанын көп адам біле бермейді-ау. Газет – халықтың жүрек соғысы, уақыттың жанды күәсі екенін енді ұғынғандаймын. Әріптестерім қандай табанды еді, ойлы еді. Аптасына үш газет шығарып, сөздің шырағын сөндірмейін деп қаламына жауапкершілік жүктеген журналистерді нағыз сөз сақшысы дер едім. Журналистиканы қоғам алдындағы аманат ретінде қабылдап, оқырман алдындағы рухани қызметін адалынан атқарған қайран ерлерім-ай. «Аспанда – қыран, жерде тілші көреген» деген сөзді кім айтса да, дәл айтқан екен.

«Шұғылаға» жалындаған жастық шағымның екі жылын ғана арнасам да, көңілге түйгенім мен кеудеге жиганым көп болды. Бұдан соң зейнет жасына дейін облыстың партия-кеңес органдарында, коммерциялық және өндірістік құрылымдарда, облыс әкімдігінің ішкі саясат

басқармасында, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында, «AR-AI» газетінде басшылық қызметтер атқарып, облыстық мәслихаттың екі шақырылымының депутаты болып сайланып, орден-медальдармен марапатталып, Жамбыл облысының және туған ауданның Құрметті азаматы атанған сәттерде де «Шұғыла» менің ойымның ұзын сонарында тұрды.

Сол сүйікті де төл газетім әлі де ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы болып келеді. Басты қағидасы – шындық пен шынайылық, ақиқат пен адалдық. Журналистердің бойында – ізденімпаздық, жауапкершілік және бұрын өзім көргендей табандылық. Нағыз ұлт мүддесін көздеген ақпарат құралы елдің береке-бірлігін нығайту миссиясын өзгертпеген. Газет бетінде жарияланған мақаладан кейін өңірдегі өзекті мәселелер шешімін тауып жатса, мен бірінші болып қуанамын.

Газеттің тұңғыш нөмірі жарық көргелі 60 жыл өтіпті. Бұл – берекелі белес. Алпыс жыл бойы оқырманына ой тастап, халықпен бірге тыныстап келе жатқан басылым қызметкерлеріне қалам мұқалмасын, ой ортаймасын, сөз жұтамасын деп тілек айтамын.

Сүйікті газетім – әркез жүрек төрінде



Гүлбаршын СЕЙТҚАЗИЕВА,
«Шұғыла-Радуга» газетінің
2021-2022 жылдардағы
тілшісі.

2021 жыл. Маусым айының 15-ші жұлдызы. Жаздың жайма шуақ күндерінің бірі... Сағат тілі тоғызға таяп қалған. Менің Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне алғаш аяқ басып келуім еді... Табалдырықтан аттай берген сәтте, күлімдеп маған жылы шырай танытып қарсы алған бір кісі болды. Ол кісі бірімізге әке, бірімізге көке, бірімізге аға, бірімізге ағай болған Сансызбай Махамбетқұлов еді.

Сансызбай ағай 2008-2021 жылдар аралығында басылымның директоры-бас редактор болып қызмет атқарды. Осы жылдар аралығында көптеген шәкірт тәрбиеледі. Соның бірі мен болдым. Қарашаңыраққа келгенімде мен небәрі 19 жаста, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 4-курс студенті едім. Осы шаңырақта жүріп дипломымды алдым. Кейін дипломы бар жас маман атандым.

Сансызбай ағай – менің ақылшым, өмірге бағыттаушым. Өзі шағын кісі болғанымен, жүрегі кең, көңілі ақ адал жан. «Кішкентай ғана жүрегіме барлығың сыйып кетесіңдер» деп отыратын. Бәрімізді өз баласындай көріп, ақыл айтып, көп нәрселерді үйретіп жүретін осы жанның орны мен үшін қашанда ерекше. Білгенімді асырып, білмегенімді жасырып қолынан келгенше бізге көмектесті.

Ағай – шын жүйрікті жазбай танитын сыншы, шәкірттерін бауырына баласындай басып, көзінің ағы мен қарасындай

қамқор болған ұстаз. Бәрімізді бір үйдің баласындай көрді. Ағайдың жүрегінде көп сыр, үн, мұң жататын еді... Сол сырдан көк аспаннан сәуле көретіндей, елінің ертеңіне үміт те, күдік те байқалатындай.

Тәлім алған ұстазының бейнесі әрбір шәкірттің көкірегіне, жүрегіне сакталады.

Менің бұл қарашаңырақтан үйренгенім мол. Сол жерде жанашыр жандардың қандай болатынын түсіндім. Үнемі киналған сәтте жаныңнан табылып, қол ұшын созуға әрдайым дайын тұратын абзал адамдар. Оларға қарап бойыңдағы шығармашылыққа деген шабытың оянады. Әрбірінің берген бағыт-бағдары тура жолдан адастырмайды.

«Шұғыла-Радуга» газетінің ұжымын 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Ұлағатты ұрпақ игілігіне қосып жатқан еңбегі еселенсін! Оқырмандары көп болсын!

«Шұғыла-Радуга» – әркез жүрек төрінде!

Алпыс жыл...

Бір қарағанда бұл – жай ғана уақыт өлшемі секілді. Ал шын мәнінде, тұтас бір дәуірдің, бірнеше буынның, мыңдаған тағдыр мен естеліктің шежіресі. Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің 60 жылдық мерейтойы – тек бір басылымның ғана емес, аудан руханиятының үлкен мерекесі. Мен үшін «Шұғыла» – жай газет емес. Ол – балалық шағымның бір бөлшегі, жастық арманымының бастауы, өмірімдегі ең ыстық естеліктермен астасқан рухани мекен.

Шұғылалы жылдар жарығы жанымыды тербеп келеді...



Шолпан ОРАЗБАЕВА,
«Шұғыла-Радуга» газетінің
2009-2013 жылдардағы
тілшісі.

Мектеп қабырғасында жүрген кезімізде газет әр үйдің төрінде жататын. Оның әр санын асыға күтетінбіз. Ауылдың тыныс-тіршілігі, ел ішіндегі жаңалықтар, таныс адамдардың суреті мен мақалалары бізге ерекше жақын болатын. Сол кезде өлеңдерімнің, екі ауыз сөздің басын құрап жазған мақалаларымның газет бетінде жариялана бастауы мен үшін үлкен қуаныш еді. Өз есіміңді газеттен көру – бала көңілге қанат бітіретін ерекше сезім. Бәлкім, сол сәттер менің болашақ тағдырыма жол салған шығар.

Уақыт өте келе тағдырдың өзі мені осы қарашаңыраққа алып келді. Оқуымды әлі тәмамдамай жатып, төртінші курстың басында «Шұғыла» газетіне жұмысқа орналастым. Жас қыз болып редакция табалдырығын аттаған маған ұжымның көрсеткен қамқорлығы әлі күнге дейін жүрегімде сақтаулы.

Редакция ол кезде жай ғана жұмыс орны емес, үлкен отбасы секілді еді. Аға-апапайлардың мейірімі ерекше болатын. Білмегенімді сабырмен түсіндіріп, қателесем, бағыт беріп, үнемі қолдап отырды. Журналистиканың қыр-сырын ғана емес, адамгершілікті, жауапкершілікті, еңбекті қадірлеуді де сол ортадан үйрендік.

Сол жылдар туралы ойласам, ерекше құрметпен еске алатын жандардың бірі – Сансызбай Махамбетқұлов ағамыз. Ол кісі жай ғана басшы емес, адам танитын, талантты алыстан байқап, жастарға сенім арта білетін ерекше көреген жан. Ол кісі әр адамның ішкі отын көре білетін. Жай ғана жұмыс беруші емес, адамды қанаттандыратын, сенім сыйлайтын рухани тірек бола алатын тұлға.

Әлі есімде, үшінші курстың қысқы каникулында ауылдағы үйге Сансызбай ағай кіріп келді. Әкем де ерекше сыйлайтын еді. Дастархан басында әкем екеумізбен сөйлесіп, аудандық газетке жұмысқа шақырды. Сол кезде маған сырттай бөлімге ауысып, газетке жұмысқа келуімді ұсынды. Тіпті «Егер өзің келе алмасаң, осы жұмысқа икемі бар бір адам тауып бер» деген сөзі де жадыма қалыпты.

Бұл – оның маманға деген жанашырлығы мен жауапкершілігінің белгісі еді. Ол кісі қызметкер емес, болашақ иесін іздейтін.

Кейін мен төртінші курста оқып жүрген Серік Жолдасбайды

ұсындым. Ол осы газетте еңбек жолын бастап, бүгінде елге танымал, белді журналист атанды. Осындай сәттерді еске алғанда, Сансызбай ағамыздың көрегендігіне еріксіз таңғаласын.

Жалпы, «Шұғыла» – талай адамның тағдырына із қалдырған қасиетті ұжым. Осы газетте еңбек еткен аға буын уақытпен санаспай, ел ішіндегі жаңалықты халыққа жеткізіп қана қойған жоқ, тұтас буынды тәрбиеледі. Қарапайым ауыл тіршілігінен бастап, елдік мәселелерге дейін көтеріп, қоғам мен халық арасындағы алтын көпір бола білді.

Бір кездері қарапайым жаңалық болып жазылған дүниелер бүгінде тұтас тарихқа айналды. Газеттің сарғайған беттерінде ауданның өткені, елдің қуанышы мен қиындығы, еңбек адамдарының маңдай тері сақтаулы тұр.

Бүгінде заман өзгерді. Ақпарат кеңістігі цифрланды. Бірақ газетке деген құрмет өзгерген жоқ. Себебі газет – сенімнің символы. Ал «Шұғыла» сол сенімді алпыс жыл бойы абыроймен арқалап келеді.

Бұл мерейтой – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа сенім. Сондықтан «Шұғыла» шырағы әлі де сөнбей, талай жасқа бағыт-бағдар беретін рухани шам болып жана беретініне сенім мол.

Алпыс жылдық мерейтой құтты болсын!

Қаламдарыңыз мұқалмасын, шырақтарыңыз сөнбесін!



Шуақты күндерім «Шұғылада» өтті



Лариса АЛДАБЕРГЕН,
«Шұғыла-Радуга» газетінің
2005-2009 жылдардағы
тілшісі.

Содан қанаттанып редакцияның ауласындағы әдемі ағаштардың ортасында ақ жаулығы төгіліп менің тілеуімді тілеп тосып тұрған анама қарай аяндадым. Мән-жайды айтып, анам екеуміз қол ұстасып ауылымызға асыға жеттік. Келесі күні аталған мекемелердің басшыларымен телефон арқылы тілдесіп, сұхбат сұрақтарын дайындап, қолымнан келгенше алғашқы мақалаларымды жаздым. Бір аптада қос сұхбатты дайындап, бас редактор не дер екен деп күпті көңілмен барғаным жасырын емес. Алайда «болам деген баланың белін буа білетін» білікті ұстаздарым алғашқы сұхбаттарыма жақсы пікір білдіріп, тиісті бұйрығымды шығарып, қолыма «тілші» куәлігін табыс еткендегі ерекше сезімді әлі ұмытпа емеспін.

Міне, осы күннен бастап менің «Шұғыладағы» шуақты күндерім өз ырғағымен басталды да кетті. 2005-2009 жылдар аралығында Гродеково ауылынан Аса ауылына қатынап жұмыс істеу қыз бала үшін ауыр болса да, журналистикаға деген «махаббат» мені құстай ұшып барып-келіп жүргендей сезімге бөлейтін. Мәселен, қысы-жазы бір күн жұмыстан сұранбай (жалақасының аздығына қарамастан), жұмысқа келу деген жас маманның шырдалуы жолындағы мүмкіндік болды.

Әрине, 4 жылда «Шұғыладан» талай білім мен тәлімді бойыма сіңірдім. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демекші, әуелі шұғылалық әруақтарға бас иіп өтейін. «Шұғыла» туралы естелік жаз десе, ең алдымен, еске бір кабинетте 3 жыл бірге отырып қызмет еткен («Шұғыла» газетінде 40 жыл еңбек еткен) Лесбек Әзбергенов, от ауызды, орақ тілді (басылымда ұзақ жыл бас редактор болған) Болат Жаппаров ағайлар еске түседі. Одан кейін бала мінезді Дүйсен ағай, редакцияның отымен кіріп, күлімен шығатын Гүлжан апай, бар адамға қамқор болып жүретін бас есепші Алма әпкей (жатқан жерлері жарық болғай) жайлы тебіренбеу мүмкін емес. Бұл қатарға

өз дәуірінде ағакты фотожурналист болған Қалимұхаммет Тәттібеков атамды да қоса кеткеніміз жөн болар. Атамыз редакцияға құралақан келмейтін. Тәттісін көтеріп, жылы сөзін айтып, арқамыздан қағып кететін. Өмірден озарының алдында «Өзің жайлы «Таңғы шық» деген мақала жазып қойдым, облыстық «Ар-ай» газетіне беремін» (шығарып үлгермеген шығар деп ойлаймын) деген еді. Арада қаншама жыл өтсе де, әлі күнге дейін ағай ол жерде не жазды екен деген сұрақ көкейімде жүреді. Осы сұрақтың жадымда сақталып қалғаны соншалық, «Таңғы шық» атты республикалық балалар журналын шығаруыма дейін жетеледі.

Аты аталған ағай-апайлардың алды менің әке-шешемнен үлкен болса, соңы ата-анаммен құрдас еді. Сондықтан да менің «Шұғыла» мектебіндегі еңбек жолым ерекше болды деп есептеймін. Қазір өткенге көз тастасам, ағай-апайлардың таңнан кешке дейін тілейтін тілектері, беретін баталарының өзі күш-қуат екен. Аузы дуалы ағайлардың кейбір сөздері қазіргі өмірімізден ұштасып жатады. «Біздің Лариса Астанада жасайды, өзінің баспаханасы болады, депутат болады» деген секілді аффирмация тілектерін менен аямайтын ағайларыма дән ризамын. Оларды әркез ұстазым деп қасиет тұтатын. Шүкір, Астанадағы тыныс-тіршілігім де осы қызметтен алыс емес. Кейде өзімнің еліміздің қоғамдық-саяси өміріне араласып жүргенім, еңбегім нәм жеке кәсібімнің де бір ұшы баспахана, баспа ісімен байланысты болғанының түп негізі осы «Шұғыла» мектебінде қаланғандай көрінеді.

Ал енді жазу өнері, жалпы журналистика саласына қатысты Лесбек ағай, Болат ағай және бүгінде көзі тірі тағы бір ұстазым Байтанағали Төлентаевтың үйреткен өнегесі ұшан-теңіз. Газет макетін қолымен сызып, арасында кеңесін беріп, тақырып таңдауды, тақырып қоюды үйреткен марқұм Лесбек ағайыма әлі күнге дейін ризамын. Редакцияда жүргенде «Ең мықты журналист аудандық газетте қалыптасады» деген пікірді де жиі айтатын. Осы сөзден кейін өзімді мықты журналист болу үшін шабыттандыратынмын. Ал Болат ағайдың «Айналайын қалқам, сен халықтың қызысын, осыны есіңнен шығарма» деген

сөздерінің астарында үлкен сыр барын біргін келе ұғынып жүрмін.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік нөмірі дайындалып жатты. Бетке аз ғана жол материал жетіспей қалып, Лесбек ағай: «Лариса, нендей материалың бар, әкел», – деді. Содан «Аналарға» атты өлеңімді бердім. Содан газет шыққан күні кабинетіне бас редактор Болат ағай шақырып: «Сенің өлеңдеріңді жинақ қылып бәсеңдетіп, содан кейін өлең жазбайтын болдым. Ол енді өз алдына бөлек естелік болып жазылары хақ.

Бұл мектепте, әрине, жас маман болып келген соң жазу өнерімен қатар сөйлеу өнерін де қалыптастырған жылы естеліктер бар. Бір күні көпшілікке Жасөркен атауымен танымал Қызылқайнар ауылдық округіне аудан әкімі қатысатын іс-шараға бардым. Өзім Гродековода тұратын болған соң көбіне Гродеково, Қызылқайнар, Жалпақтөбе, Ақбұлым секілді қаланың арғы жағындағы ауылдарға жиі жіберетін. Шара аяқталғаннан соң Жасөркеннің «Рассвет» деп аталатын табиғаты көрікті жерге түскі асқа бардық. Содан ас әкелініп, тілек айтылып жатыр. Іштей мені ескермей, өтіп кетсінші деп қанша тілесем де, кезек «қыз бала сөйлесін» деп маған берілді. Бетім қызарып, ұялып әрең тілек айтқанмын. Сонда барлығы «Жастың тілегі қабыл болады» деп қолдау білдірген. Міне, содан бері үлкен басшылардың алдында сөйлеуді, сөйлесуді «Шұғылада» жүріп үйренген шығармын деп ойлаймын.

Жазу мен сөйлеу өнерін үйреткен мектеп маған өмір сүруді де үйретті. Ойлаңызшы, мен аудандық газетте 6000 теңге жалақыға жұмыс істеп бастағанда мұғалімдердің жалақысы 20000 теңге болатын. Сонда ата-анам, туыстарым мұны білсе, мені мектепке мұғалім бол деп қинайды деп сыр білдірмей, барға қанағат деп жұмыс істеп жүре бердім. «Қанағат қарын тойғызар» демекші, бір күні Лесбек ағайдың ұсынысымен жас маман ретінде Гродеково ауылынан жер телімін алдым. Енді бірде Болат ағайдың хатымен облыстан (ол кезде оралман

деген статусыма сәйкес) отбасылық квотамызды еш қиындықсыз алдық. Міне, осының бәрі «Шұғыла» мектебіндегі шуақты күндер емей, немене?! Осыншама шарапатты сыйлаған «Шұғыламан» арман қуып облысқа, облыстан республикалық масштабта елге қызмет етуге бел будым.

«Шұғыла» мектебі маған не берді? Мүмкіндігінше естелік жазбаға түсірдім. Иә қасиетті қара шаңырақта өткен 4 жылды кітап қылып жазуға да болады. Ал енді мен «Шұғылаға» не сыйлап кеттім?! Мен «Шұғылаға» жастар келетін мүмкіндікті сыйлап кеттім. Неге? Өйткені мен келгенде ғимарат өте ескі, кілең жасы үлкен кісілер жұмыс істейтін. Сол кезде редакция табалдырығын аттаған бөгде азаматтар ескі ғимаратта жап-жас болып қалай жұмыс істеп жүрсін деп таңырқай қарайтын. Алайда мен кетерден 1 жыл бұрын газет ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, біршама жаңартып қалды. Міне, содан бері «Шұғыла» жасарып, жайнап келеді. Жас мамандар да келе бастады. Менің «Шұғыладан» кеткеніме 17 жыл өтсе де, арасында қарашаның сәлем беріп келіп тұрамын. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастықты да мейлінше жалғап келемін. Оның жарқын дәлелі өзімді Астанаға кетерде «Лариса, қарағым, адамзат үйренем, менгерем десе барлық білімді, барлық тілді меңгере алады. Бірақ есінде болсын, сабыр деген білімді меңгеру өте күрделі. Міне, осы білім сенің бойыңда бар. Осы білімді ешқашан жоғалтып алма» деп тілегін білдіріп шығарып салған Байтанағали Төлентаев ағайдың еңбектеріне арасында уақыт тауып қызмет етіп келемін. Жуырда «Тәтті ертегі» атты авторлық жобам аясында ағайдың «Шахматшы Қонжық» атты поэмалық ертегісін шығарып, елімізде және Еуропаның бірнеше елдерінде тұсауын кесіп, ұстаз бен шәкірт арасындағы ынтымақтастық үлгісін көрсеттік.

«Шұғыла» газетінің қазіргі ұжымына да айтар алғысым шексіз. «Шұғыланың» мектебінен шыққан қыздың 60 жылдық мерейтойларыңызға арнап жазған аздық-көпті естелігі осылайша өрбіді. 60 жылдықтыңыз құтты болсын, әріптестер! Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ЖАРНАЛАРДЫ УАҚТЫЛЫ ТӨЛЕУ – МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіндегі мәртебені сақтау үшін жарналар мен аударымдарды уақтылы төлеу қажеттігін ескертті. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы хабарлады.



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ
ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

Филиал басшысы Ғайни Аймағанбетованың айтуынша, «сақтандырылған» мәртебесі соңғы 12 ай ішінде төлемдер

үздіксіз жүргізілген жағдайда ғана сақталады. Егер жарналар мен аударымдар уақтылы төленбесе, азаматтардың МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке қолжетімділігі шектелуі мүмкін.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтардың мәртебесі төлемдердің тұрақтылығына тікелей байланысты. Сондықтан әр азамат өз төлемдерінің уақтылы жүргізілуін бақылап отырғаны маңызды, – деді филиал басшысы.

МӘМС жарналары мен аударымдары ай сайын төленуі тиіс. Олардың уақтылы әрі толық төленуін мемлекеттік кірістер органдары бақылайды.

Ал мерзімінен кешіктірілген төлемдерге өсімпұл есептеліп, тиісті салықтық әкімшілендіру шаралары қолданылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын азаматтар арасында МӘМС төлемдерін уақтылы төлемеу жағдайлары жиі анықталған.

Мамандар азаматтарға сақтандыру мәртебесін жоғалтпау үшін төленбеген кезендерді алдын ала тексеріп, қажет болған жағдайда берешекті өтеуге кеңес береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы.

ҚҰРБАН АЙТ



Дәурен ҚҰТТЫБАЕВ,
аудандық «Бәйдібек»
мешітінің бас имамы.

Құрбан – араб тілінен аударғанда «жақындау» дегенді білдіреді. Яғни пенденің шын ықыласпен жасаған сауапты істері арқылы Аллаға жақындай түсуі. Шариғаттағы мағынасы – белгілі күндері, шарттарын сақтай отырып, құлшылық ниетімен мал бауыздау. Қасиетті Құранда: «Сен де Раббың үшін (Оған борыштар екенінді терең сезіне отырып) намаз оқы және құрбан шал...» (Әл Кәусар сүресі, 2-аят), – дейді. Ал Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Адам баласы Құрбан айт күні қан ағызып жасаған құлшылықтан сүйікті ешбір іс арқылы Аллаға жақындай алмайды...» – деген.

Құрбан шалу арқылы мұсылман Жаратқанның разылығына қол жеткізуге ұмтылады. Бұл – жан мен тәңнің бірлігін, пейілдің тазалығын білдіретін ұлық құлшылық. Құрбандық шалу тарихы Ибраһим пайғамбар мен ұлы Исмайылдан бастау алады. Ибраһим (а.с.) түсінде Алланың әмірімен баласын құрбандыққа шалып жатқанын көреді. Бұл көріністің Алладан келген аян екенін білген пайғамбар: «Балам, түсімде сені құрбан шалуға бұйырылыптың. Не дейсің?» – дейді. Сонда Исмайыл: «Әкетай, бұйырылғанды

Мейірім мерекесі

Құрбан айт – Ислам әлеміндегі ең қасиетті де құрметті күндердің бірі. Бұл күн – Жаратушыға құлшылық етіп, адамгершілік пен жанашырлықты дәріптейтін, бүкіл мұсылман жұртшылығы үшін үлкен рухани мереке. Мейірім мен берекенің, жақсылық пен жомарттықтың, үміт пен шүкірліктің нышаны.



орында. Сабыр етермін», – деп жауап береді. Бұл оқиға – тарихтағы ең үлкен сынақтардың бірі. Алла Тағала оларға қолшақ жібеп, Исмайылдың орнына соны құрбандыққа шалуды бұйырады. Құранда бұл оқиға былай баяндалған: «Сен түсіңді шындыққа айналдырдың. Біз жақсылық жасаушыларды осылай марапаттаймыз» (Саффат сүресі, 105-аят).

Ханафи мазһабында мына төрт шартты

иеленген әрбір мұсылманға құрбан шалу уәжіп болады. Олар: мұсылман болуы және ақыл-есінің дұрыстығы, балиғат жасына жетуі, жолаушы болмауы, зекет бере алатындай нисап мөлшерінде дүние-мүлікке ие болуы. Құрбандық малы ретінде қой, ешкі, сиыр, түйе жарамды. Қой мен ешкі – бір адам үшін, сиыр мен түйені – жеті адамға дейін ортақ шалуға болады. Пышақ өткір, ниет таза болуы керек. Ұсақ

малдың етін үшке бөліп, бір бөлігі – туыс-туғанға, екіншісі – мұқтаждарға, үшіншісі – өз отбасы үшін сақталады.

Құрбан шалудың көзге көрінбейтін, рухани пайдасы да мол. Атап айтқанда, тәкаппарлық пен сараңдықтан арылтады, қоғамда мейірім мен қайырымдылықты жандандырады, жанұяға береке мен молшылық әкеледі, бай мен кедей арасын жақындатады, ақыретте мол сауаптың себебі болады. Хадисте: «Малды қанша жақсы көрсен де, Алланың разылығын жоғары қойып құрбан шал, бұл – сенің Қылкөпірден өтердегі көлігің», – делінген.

Айт күндері тәкбір айту – сүннет. «Аллаһу акбар, Аллаһу акбар, лә иләһа иллаллаһ, Аллаһу акбар, уәлиллаһил-хамд» – деп көбірек айту – дініміздің сүннеті. Бұл жай ғана мереке емес, пенде мен Жаратушы арасындағы байланысты нығайтатын, жүрек тазалығын арттыратын рухани мектеп. Ал, құрбандық шалу – ішкі ниеттің, тақуалықтың, жомарттықтың көрінісі. Бүгінгі қоғамда мұндай игі істерге аса мұқтаж екеніміз анық. Ұлық күннің қадіріне жетіп, игілігін көру – әрбір мұсылманның бақыты. Алла Тағала баршамыздың шалған құрбандарымызды қабыл етіп, айт мерекесі арқылы мейірім мен берекеге бөлесін.

Осы ретте мына бір мәселеге мән берген жөн. Халқымызда «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» деген нақыл сөз бар. Аудандағы барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, онтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Ұлық мейрамда жасайтын барша сауапты амалдарыңыз, қайырымдылық істеріңіз қабыл болғай.

27 мамыр – Құрбан айт мейрамының алғашқы күні. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бекітілген уақыт кестесіне сәйкес Жамбыл облысы бойынша айт намазы 6.00-де басталады. Айт намазы екі рәқағаттан тұрады және жамағатпен бірге оқылады. Оның алдында азан шақырылып, қамат айтылмайды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

МАҢЫЗДЫСЫ – ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдық тәртіп – әр адамның өзінің әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауы, айналадағы адамдардың құқықтарын құрметтеуі мен қоғамның қауіпсіздігін сақтауы деген сөз. Бұл тұрғыда «Заң мен тәртіп» қағидасы тұрғындарға құқықтық мәдениетті, адам құқықтарын сақтауды, әділдікті және қоғам алдындағы жауапкершілікті үйретеді.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ



атсалысып жүргені көңілге қуаныш ұялатады. Олай етпесе, әрине, болмайды. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар мен тәртіп бұзушылықтар қанша азайды десек те, әлі күнге дейін жасөспірімдер арасында үйден рұқсатсыз шығып кету, автокөлікті сұрамай айдап кету, беймезгіл уақытта көше кезу, ойын-сауық орталықтарында ішімдік ішу, тағы басқа оқиғалар орын алып тұратыны жасырын емес.



Осыны ескерген Аса ауылдық округінің ардагерлер кеңесі таяуда аудан орталығындағы Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназияда, №1 мектепте, Гагарин атындағы мектеп-лицейде оқушылармен кездесіп, танымдық-тәрбиелік жиындар өткізді. Кездесулерде заң мен тәртіп сақтау кейінгі буынның қоғамды құрметтеуінен, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуден басталатыны айтылды. Топты бастап барған Аса ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Дәнешбек Исаев:

– Сонау бағзы заманнан бастап халқымыз қариялардың қоғамдағы орнын дәл анықтап, оларды кемел ақыл-ойдың кеніші деп

ұғынған. Қазіргі қоғамда да өскелең ұрпақтың тәрбиесі үшін абыройлы да ақылман ақсақалдардың кеңесі мен өнегесі ауадай қажет. Басты мақсатымыз да сол – ел ертеңі деп отырған жастарымыздың тұлға ретінде қалыптасуына жәрдемдесу, құқықтық сана-сын жетілдіру, заң мен тәртіп қоғамның тұрақтылығы мен дамуының негізгі факторы екенін терең ұғындыру, – деп салмақты сөзін айтты.

Төрағаның айтуынша, мұндай жиындар алдағы уақытта игі дәстүрге айналмақ. Жастарымыз заң мен тәртіпке құрмет көрсетпесе, қоғамдық жүйе бұзылып, берекесіздік белең алады. Бұл, әлбетте, әсіресе ардагерлерді алаңдатпай қоймайды.

ҚҰҚЫҚ

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселесі қай кезеңде де қоғам назарынан тыс қалған емес. Өйткені бүгінгі жасөспірім – елдің ертеңі, ұлттың болашағы. Сондықтан өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, қауіпсіздігіне және құқықтық сауаттылығына айрықша көңіл бөлу маңызды міндеттердің бірі болып қала береді.

ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛДЫ

Осы бағытта Ақбастау ауылдық округінде 2026 жылдың алғашқы бес айында бірқатар профилактикалық жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасының екі кезеңі ұйымдастырылды. Сонымен қатар «Түнгі ауылдағы балалар» және «Қауіпсіз мектеп» атты профилактикалық шаралар өткізілді.

Іс-шаралар барысында жасөспірімдердің түнгі уақытта заңды өкілінің жүруінің алдын алу, мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу мәселелеріне басымдық берілді.

Сондай-ақ ауылдық округ аумағында мүдделі орган өкілдерінің қатысуымен тұрақты түрде түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мұндай жұмыстардың негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алып, олардың қауіпсіз әрі саналы ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау.

Жастар тәрбиесіне қоғам болып көңіл бөлу – болашақтың берік кепілі. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Көркем ҚАРАБЕКОВА,
Ақбастау ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маман-әскери есеп
жүргізушісі.

Соңы. Басы 1-бетте

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ БАЯНДЫ БОЛУЫ ҚОҒАМДАҒЫ ӘДІЛДІК ПЕН СЕНІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Қазақ халқы ежелден әділдік пен тазалықты ту еткен. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген даналық сөз – халқымыздың әділетке деген көзқарасының айқын дәлелі. Ата-бабаларымыз адал еңбек пен ақ ниетті жоғары бағалаған. Сондықтан пара алу мен пара беру секілді әрекеттер ұлттық болмысымызға жат ұғым болуы тиіс.

Бүгінде мемлекет тарапынан жемқорлықтың алдын алу мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Заң талаптары күшейтіліп, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен айқындығы артып келеді. Электронды қызмет көрсету жүйесінің дамуы да адам факторын азайтып, жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беруде. Сонымен қатар жастар арасында адалдық құндылықтарын дәріптеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Алайда жемқорлықпен күресті тек жазалау шараларымен шектеу жеткіліксіз. Ең алдымен адамның сана-сезімі өзгеруі қажет. Әрбір азамат өзінің адал еңбегімен ғана табысқа жетуді өмірлік қағидасына айналдырғанда ғана қоғам тазарады. Себебі жемқорлықтың тамыры – жеңіл жолмен пайда табуға ұмтылу мен жауапкершіліктің төмендігінен бастау алады.

Әсіресе жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру маңызды. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат. Сондықтан олардың

бойына әділдік, парасаттылық, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру – баршамаңыздың міндетіміз. Отбасынан басталған адалдық тәрбиесі мектепте, жоғары оқу орындарында жалғасып, қоғамда кеңінен насихатталуы қажет.

Бұл ретте қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ең өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Басты мақсатымыз – сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу. Алайда нақты өзгеріске қол жеткізу үшін адалдық мәдениетін қалыптастыру қажет. Осы тұста «Адал азаматқа» деген қажеттілік алдымыздан шығады. Сайып келгенде, бәрі адамның ішкі мәдениетіне байланысты. Адалдық қағидатының біздің өміріміздің барлық саласына орнығуы ерекше маңызға ие екенін баса айтқан жөн.

Сыбайлас жемқорлық экономикаға да зор зиянын тигізеді. Инвестиция тартуға кедергі келтіріп, халықтың әл-ауқатының артуына тосқауыл болады. Әділ бәсекелестік бұзылып, еңбекпен жетістікке жетемін деген азаматтардың жігері құмға айналады. Мұндай қоғамда сенім әлсіреп, даму қарқыны баяулайды. Сондықтан жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру – елдің тұрақты дамуының басты кепілі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында әділетті қоғам құру, заң мен тәртіп қағидатын нығайту

мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Бұл – жемқорлықпен күрестің мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндет екенін көрсетеді. Әділетті Қазақстан құру жолында әрбір азамат заңға құрметпен қарап, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі қажет. Әділетті қоғам құрудың негізі – заңның үстемдігі. Ал, заң мен тәртіп тұрақтылыққа кепіл болады. Мемлекет басшысы ұсынған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы – ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын, түбегейлі өзгерістерге негізделген мемлекеттік бағдар. Бұл идея қоғамды демократияландыру, халықтың әл-ауқатын арттыру және құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы стратегиялық реформалар кешенін қамтиды. Бұл дегеніміз – Қазақстанның жаңа саяси мәдениетке, әділеттілік пен теңдік қағидаттарына негізделген даму жолына түскенінің айғағы.

Бәрінен маңыздысы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, келеңсіздікке төзбестік таныту, салдарларын мейлінше шұғыл жою. Өйткені ол – ұлттың болашағына балта шабатын қауіпті індет. Онымен күресу – уақыт талабы. Адалдық пен әділдік үстемдік құрған қоғамда ғана елдің өнсені біік, болашағы жарқын болады. Сондықтан әрбір азамат жемқорлыққа қарсы тұрып, заң талаптарын құрметтеп, қоғам тазалығы жолында өз үлесін қосуға тиіс. Сонда ғана біз өркеніетті, дамыған әрі әділетті мемлекет құра аламыз.

ЖАТ ӘРЕКЕТ ЖАҚСЫЛЫҚ ӘКЕЛМЕС

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік мәселелердің бірі. Ол қоғамдағы әділдік пен сенімді әлсіретіп, халықтың билікке деген көзқарасына теріс әсер етеді. Сондықтан жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Жемқорлық көбіне қызметтік өкілеттікті жеке пайда үшін пайдаланудан туындайды. Мұндай әрекеттер заңның бұзылуына, адал еңбектің бағаланбауына және қоғамда теңсіздіктің қалыптасуына алып келеді. Әсіресе, білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет салаларында орын алған жемқорлық халықтың болашағына тікелей қауіп төндіреді.

Бүгінде ҚР Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі тарапынан жемқорлықтың алдын алу бағытында түрлі шаралар жүргізілуде. Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі, ашықтық пен есептіліктің артуы – осы күрестің тиімді құралдарының бірі. Сонымен қатар жастар арасында адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау маңызды рөл атқарады.

Жемқорлықты жеңудің басты жолы – әр адамның саналы ұстанымы. Егер қоғамда заңға құрмет пен адалдық жоғары болса, жемқорлықтың тамырына балта шабуға болады. Әр азамат пара беруден де, пара алудан да бас тартып, әділ қоғам қалыптастыруға үлес қосуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ел болашағы үшін маңызды міндет. Адалдық пен әділдік салтанат құрған қоғамда ғана мемлекет дамып, халықтың әл-ауқаты артады.

Нұржігіт АРХАБЕКОВ,
аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЕСІРТКІ ЕСТІ АЛМАСЫН

Жалпы нашақорлық дегеніміз – есірткі немесе психотроптық заттарға тәуелділіктен туындайтын ауру. Ол көптеген қылмыстарға тікелей себепкер. Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, кәмелетке толмаған нашақорлардың шамамен 2/3 бөлігі қылмыскерге айналады.

Себебі, есірткіге деген құмарлық келесі дозаны алу үшін қылмысқа апармай қоймайды. Әсіресе, ұрлық жасауға көптеп итермелейді. Сонымен қатар, кейде агрессивтілік тудыратын есірткілер өзінің қатыгездігімен мағынасыз қылмыстарға жетелейді. Ақырында есірткіден әлсіреген қылмыскер өзі оңай

құрбан болады. Нашақорлық – қоғам дерті. Бұл кеселмен күресу бір немесе бірнеше адам оңай женетін нәрсе емес. Яғни адамға, қоғамға айтарлықтай кесірін тигізетін есірткімен күресте түрлі мамандар, ата-аналар, қоғам белсенділері, Қазақстанның әрбір азаматы тысқары қалмауы керек.

Ғасыр індетімен күресу, оның жайылуына қарсы тұру – біздің міндетіміз. Дұрыс таңдау – жарқын болашаққа бастар көпір және бақытты өмірдің айнасы.

Әсем НҮРМАХАНОВА,
Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-салық агенті.

СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!



Тарыдай болып мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің таудай талаппен үлкен өмірге қанат қағатын сәтке де жақын қалды. Жыл бойы білім мен тәрбиені серік еткен шәкірттер үшін соңғы қоңырау – ерекше толқынысқа толы, жүрекке мәңгі сақталатын қимас мезет. Бұл күн – ұстаз еңбегінің жемісі таразыланып, оқушы арманы жаңа белеске бет алатын маңызды кезең.

551 ТҮЛЕК АЛТЫН ҰЯСЫМЕН ҚОШТАСАДЫ



Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Айта кетейік, 2025-2026 оқу жылында аудан бойынша 32 білім беру мекемесінде жалпы саны 9679 оқушы білім алды. Оның ішінде 30 мемлекеттік мектепте 9419 оқушы, 2 жекеменшік мектепте 260 оқушы оқыды. Мемлекеттік мектептердің 26-сы қазақ тілінде білім берсе, онда 8459 оқушы тәлім алуда. Ал 946 оқушы білім алатын 4 мектеп аралас тілде оқытады.

Барлық мектепте оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты жиын 25 мамыр күні өтеді. Осыған орай білім ошақтарында «Білімім – Отаным!» атты республикалық сынып сағаты өткізіліп, оқушыларға елге қызмет ету, Отанға адал болу құндылықтары кенінен насихатталмақ.

Аудан бойынша биыл 916 оқушы алғаш рет мектеппен қауышқан 1-сыныпты аяқтаса,

978 оқушы 9-сыныпты, ал 551 түлек алтын ұясымен қоштасқалы отыр. Мамыр-маусым айларында өтетін ҰБТ-ға 551 мектеп бітірушінің 457-сі, яғни 82,9 пайызы тіркелген.

Биыл аудан мектептеріндегі білім сапасының көрсеткіші де көңіл қуантады. Атап айтқанда, «Алтын белгі» төсбелгісіне 23 оқушы үміткер болса, 11-сынып бойынша 44 оқушы үздік аттестаттан, 9-сынып бойынша 81 оқушы үздік куәліктен үмітті.

Алдағы күндері мектеп бітірушілер үшін жауапты кезең – қорытынды емтихандар басталады. 9-сынып оқушылары үшін қорытынды емтихандар 29 мамыр мен 11 маусым аралығында өтсе, 11-сынып түлектері мемлекеттік емтихандарды 2-15 маусым аралығында тапсырады. Ал көптен күткен аттестат табыстау салтанаты 17-18 маусым күндеріне жоспарланған.

Арман қуған жас түлектердің әрқайсысына сәттілік серік болып, биік белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз.

ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ

БАСТЫ МАҚСАТ – ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

Жастар тәрбиесі мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстар бүгінгі таңда ерекше маңызға ие.

Осыған орай Тоғызтарау ауылдық округі әкімі аппаратында кәмелетке толмаған жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жиын өтті. Басқосуға округ әкімі аппаратының қызметкерлері мен жауапты мамандар қатысты.

Жиын барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, құқықтық тәрбие беру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері кенінен талқыланды. Сонымен қатар жастар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, түнгі уақыттағы бақылауды күшейту және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстар сөз болды.

Жиында Тоғызтарау ауылдық округінің әкімі Нұрәділ Төлеков өскелең ұрпақ тәрбиесі баршаға ортақ міндет екенін атап өтті. Нұрәділ Рахманұлы

жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда отбасы, мектеп және қоғамның бірлескен жұмысы маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Сондай-ақ жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру арқылы құқық бұзушылықтың алдын алуға болатынын айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Басқосу соңында жауапты мамандарға құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы профилактикалық шараларды күшейту, жастармен түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу және ауыл тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс істеу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Ақарыс БЕЙШЕХАН,
Тоғызтарау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі.

ЖАЛЫН

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЕҢБЕКҚОР ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА



Бүгінде аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аудан жастарын қолдау мен дамытуда маңызды рөл атқарып келеді. Биыл орталық тарапынан жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, құқықтық сауаттылығын арттыру, психологиялық қолдау көрсету, жұмыспен қамту және волонтерлік қозғалысты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар жастардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған жаңа жобалар іске асырылып, заманауи бастамалар жүйелі түрде жүзеге асуда.

Бүгінде аталған орталықта 39 штаттық бірлік қарастырылған. Орталық құрамында директор, директордың орынбасары, бөлім басшылары, заңгер, теолог, психолог және жастармен жұмыс жасайтын мамандар қызмет атқарады. Бұл құрылым жастармен кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізуге, олардың түрлі әлеуметтік мәселелеріне жедел әрекет етуге мүмкіндік беріп отыр.

Жастарды жұмыспен қамту – басым бағыттардың бірі. Осы мақсатта биыл жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 150 жас тартылды. Оның ішінде 105 жас тұрақты жұмысқа орналастырылса, 9 жас ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберілді. Сонымен қатар 5 жас «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысып, 23 жас онлайн оқудан өтті. Ал 8 жас «Бастау бизнес» жобасы бойынша білім алды. Бұл жұмыстар жастардың еңбек нарығында өз орнын табуына, кәсіби біліктілігін арттыруына және кәсіпкерлікке бет бұруына оң ықпал етуде.

Сонымен қатар «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жастарды маусымдық жұмыспен қамту шаралары жалғасуда. Наурыз-сәуір айларында 70 жас жұмыспен қамтылып, жаз мезгілінде тағы 30 жасты тарту жоспарланған. Аталған бағдарлама жастардың еңбекке деген жауапкершілігін арттырып қана қоймай, туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосуына

мүмкіндік беруде.

Жас мамандарды ауылдық жерлерге тарту мақсатында «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы да тиімді жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында жас мамандарға көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй алуға бюджеттік несиелер беріліп, елді мекендерге білікті кадрлардың келуіне оң әсер етіп отыр.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру

кездесулер және қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, мереке күндерінде әлеуметтік қолдау көрсетілді. Сондай-ақ абаттандыру жұмыстары да жүргізілді. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қайта қылмысқа жол бермеу және оларды қоғамға бейімдеу.

Ауданда NEET санатындағы жастармен жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда



мақсатында «Заң және тәртіп» қағидаты аясында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Жыл басынан бері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 11 іс-шара, 17 кездесу ұйымдастырылып, 12 әлеуметтік бейнеролик дайындалды.

«Қоғам сақшысы» акциясы аясында апта сайын рейдтер жүргізілуде. Үш ай ішінде 14 түнгі рейд өткізіліп, 184 әкімшілік хаттама толтырылған. Қазіргі таңда 12 жасөспірім есепте тұрса, 12 жайсыз отбасында 30 бала тәрбиеленуде. Сонымен қатар 6 жасөспірім мен 7 ата-ана арнайы есепке алынған. Жастар арасында лудомания, есірткі, киберқылмыс және заң алдындағы жауапкершілік тақырыптарында тұрақты профилактикалық жұмыстар жүргізіліп келеді.

Биылғы жылдың I тоқсаны бойынша пробация есебінде 27 жас тіркелген. Оларды қоғамға бейімдеу мақсатында 10 іс-шара ұйымдастырылды. Пробация есебіндегі жастардың әлеуметтік жағдайына тоқталсақ, 20 жас жұмыспен қамтылған, 2 жас – бала күтімінде, 2 жас – жұмыссыз, 2 жас студент болса, 1 жас – тергеу изоляторында. Пробация қызметімен бірлесіп рейдтер,

және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Биыл жастардың психологиялық саулығын сақтау бағытында да маңызды жұмыстар атқарылды. Суицидтің, ерте жүктіліктің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, буллинг пен лудоманияның алдын алу бойынша тренингтер, кездесулер және «дөнгелек үстел» отырыстары ұйымдастырылды. Атап айтсақ, суицидтің алдын алу бойынша 10 тренинг өткізіліп, 175 жас қамтылды. Репродуктивтік денсаулық мәселелері бойынша 3 «дөнгелек үстел» отырысы ұйымдастырылып, оған 140 жас қатысты. Ал тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 5 кездесу өткізіліп, 114 адам қамтылды.

Құқықтық бағыттағы жұмыстар да қарқынды жүргізілді. «Заң және тәртіп» қағидаты аясында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық кездесулер ұйымдастырылып, жастар арасында заңға бағыну мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілді. Сонымен қатар отбасылық құндылықтарды насихаттау, некенің маңыздылығын арттыру және жастар арасында жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнайы неке куәлігін табыстау жобасы жүзеге асырылуда. Неке және отбасылық құндылықтарды дәріптеу бағытында 23 іс-шара ұйымдастырылып, 46 адам қамтылды.

Ауданда волонтерлік қозғалыс та қарқынды дамып келеді. Мәселен, осы жылдың басынан бері 296 волонтерлік іс-шара ұйымдастырылып, оларға 3856 жас ерікті қатысты. Бұл жұмыстар медицина, білім беру, экология, спорт, гуманитарлық көмек, этноволонтерлік және медиа-волонтерлік бағыттарды қамтыды.

Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, қарттарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға көмек көрсету жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Биылғы жылдың халықаралық «Волонтерлер жылы» болып жариялануына байланысты еріктілер тобы құрылып, белсенді жастар азық-түлік қорларын таратуға, көшет отырғызуға, тазалық акцияларын өткізуге және тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуге белсенді қатысуда. Бұл жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, еріктілік мәдениетінің дамуына ықпал етуде. Сонымен қатар Мемлекет басшысының

бастамасымен ағымдағы жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануына байланысты орталық өз жұмысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын кеңінен қолдануды қолға алды. Жасанды интеллект көмегімен психологиялық, құқықтық, танымдық және ақпараттық бағыттағы бейнероликтер дайындалды. Жиі технологиялары арқылы бейнероликтердің сценарийлері жазылып, визуалды және дыбыстық өңдеулер автоматтандырылып, контент сапасы артты.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатымен орталықта жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобалардың қоғам үшін маңызы зор. Атап айтсақ, «Шаштараз» әлеуметтік жобасы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға және тұрмыстық қиындықтарға байланысты өзіне уақыт беле алмайтын әйелдерге арналған. Жоба аясында орталықтың қабілетті жастары тегін шаш кию және сәндеу қызметтерін көрсетіп келеді. Ал «Qazaqy bolmys» жобасы ауыл келіндерінің бір күндік өмірін, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді және ұлттық тәрбиені жаңа форматта насихаттауға бағытталған. Қазіргі таңда жобаның екі шығарылымы жарық көрді. «MedVolunteer: Салауатты ұлт» жобасы қоғам денсаулығын жақсартуға және аурудың алдын алуға бағытталса, «Таңғы шай» жобасы жастар мен қоғам өкілдеріне арналған рухани-танымдық алаң ретінде тәжірибе алмасуға және пайдалы ойлармен бөлісуге мүмкіндік беріп отыр.

Жалпы, орталығымыз жастарды жұмыспен қамту, олардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыру, рухани-мәдени дамуын қолдау және бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында жүйелі қызмет жүргізіп келеді. Жастарға арналған жаңа жобалар мен бастамалар аудан жастарының белсенділігін арттырып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беруде. Алдағы уақытта да біздің мекеме жастардың жан-жақты дамуына бағытталған ілкімді істерін жалғастырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қоса береді.

Жандар ТОҚСАБА,
аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры.



ЖИММАҚ АУДАНЫ АҚШАМ
ШҰҒЫЛА-РАДУГА

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Шұғыла АҚШАБАЙ 877770284244
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058 Тапсырыс №365

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.